



ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Тәуелсіздік  
бәрінен  
қымбат

ТӘУЕЛСІЗДІК  
БӘРІЖЕЖ  
ҚЫЛБАТ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған  
жыр жинақ

Құрастырған  
Д.Жолымбетова,  
Қапшағай қалалық кітапхананың  
бөлім меңгерушісі

«ПРИНТ ПЛЮС»

Алматы

2021

ӘОЖ 821.512.121  
КБЖ 85 (5 Қаз)-4  
Т 27

Т 27 Тәуелсіздік бәрінен қымбат / Құраст. Д. Жолымбетова.  
– Алматы: «Принт Плюс» баспасы, 2021. – 76 бет.

ISBN 978-601-7853-02-9

Біздің халқымыздың ең басты жетістігі – бұл Тәуелсіздік. Сан ғасыр бойы халқымыз елінің азаттығын, бостандығын аңсап келді. Осыдан отыз жыл бұрын осы ұлы арман шындыққа айналып, егемен еліміздің уығы кадалып, шаңырағы көтерілді. Тұғырлы Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты жыр жинақ жарық көрді. 30 жылдық қарсаңында жарық көрген бұл туындыға Қапшағай өңіріндегі 12 акынның 30 өлеңі енген. Еңбектің жарық көруіне себепкер болған Қапшағай қаласы әкімдігі бұл туындыны тәуелсіздікке жасаған тарту ретінде оқырман қауымға ұсынады. Тілі жатық, жеңіл оқылады.

Кітап жырсүйер көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.121  
КБЖ 85 (5 Қаз)-4

ISBN 978-601-7853-02-9

© «Принт Плюс», 2021



**Мақпал Мыса**

ақын, Қазақстан Журналистер және Жазушылар Одағының мүшесі, «Қазақстанның жүз жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VII шақырылым депутаты



1983 жылы 26 желтоқсанда Алматы облысында дүниеге келген. 2017 жылы Орталық Азия университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетін бітірді. Қазақстан Журналистер және Жазушылар Одағының мүшесі, ақын. «Қазақстанның жүз жаңа есімі» жобасының жеңімпазы.

09.2004 – 07.2010 «Қапшағай» газетінің журналисі.

12.2011 – 01.2013 «Книжник» ЖШС редакторы.

03.2014 – 01.2021 «Өлке тынысы» ЖШС «Жетісу» газетінің журналисті



2021 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VII шақырылымының депутаты, «Nur Otan» партиясының партиялық тізімі бойынша сайланған, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі.

Республикалық М. Мақатаев, І. Жансүгіров атындағы мүшәйраларының бірінші орын жүлдегері. Қобызшы Мольқбай, Майра Уәлиқызы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы әдеби сыйлықтарының иегері. Ресей Жазушылар одағының Балкар ақыны Керим Отаров атындағы алтын медалінің иегері. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы қорының «Алтын тобылғы» байқауының бас жүлдегері.

«Алақандағы бақыт», «Мен керекпін», «Аспантаудың көктемі», «Шоған абыз», «Ақ қанатты періште» атты жыр жинақтарының авторы.



## МӘҢГІЛІК ЕЛІМ

Бабамнан қалған,  
Ақ армандардан,  
Жаралған жасын  
Жанарда қалған.

Аспанда самғап,  
Дүниені шарлап.  
Жерұйық, сендей  
Табам ба, қарғам?

### **Қайырмасы:**

Мәңгілік елім,  
Мәңгілік жерім,  
Қазақтың қайран байтағы едің.  
Атар әр таңым,  
Айдын, шалқарым,  
Аққудың әнін айтады елім.

### 2.

Көктегі күнім  
Төккелі нұрын.  
Жерұйық, сені  
Жыр еттім, жаным.  
Мәңгілік елім,  
Тағдырым менің,  
Қабыл ал, бүгін  
Жүректің әнін.



3.

Анамның сүті,  
Бабамның құты,  
Арайын шашар  
Таңды тіледім.  
Арманы асыл,  
Алдағы ғасыр,  
Қазақтың елі –  
Мәңгілік елім!

## АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

### *Үштаған жыр*

Ұлтымның салмақты ұланы,  
Рухымды жалған тұр әлі.  
Арымның темірқазығы –  
Алаштың ардақтылары.

Келтелеу тыңдатып әнін,  
О, менің жыр жаһұттарым.  
Ахмет, Мұстафаларым,  
Әлихан, Міржақыптарым!

Ерсіңдер, егеменсіңдер,  
Не деген көрегенсіңдер.  
Алаштың арлы армандарын  
Бесікке бөлегенсіңдер.



Ұрпағын ғашық қылғандар,  
Арнадан асып тулаңдар!  
Ғаламнан хабар жеткізіп,  
Заманнан асып туғандар.

Өмір бар тілектеріңде,  
Көңілге гүл еккеніңде,  
Жарқырар тас қараңғыда,  
Жұлдыз бар жүректеріңде.

Батырар самала мұңға,  
Арман бар ағаларымда.  
Бақыттың байрақтарыңда,  
Уақыттың аламаныңда.

Ұлымды шарлап шырағы,  
Рухымды жалғап тұр әні.  
Көшімнің басымда мәңгі –  
Алаштың ардақтылары.







## ЕГЕМЕНДІ ЕЛ ДЕГЕН...

Айналасы көз жетпейтін кең белең,  
Тарихында жеңісті боп ерлеген.  
Білесің бе, ей, бауырым,  
Мынау байтақ егеменді ел деген  
Бабалардың ерлігінсіз келмеген.

Еңбек еткін, адам бол деп үн жарды,  
Тәрбиелеп аналары ұлдарды.  
Оңай деп пе ең, ей, бауырым,  
Жеңіп өтіп жолда тұрған сындарды,  
Терін төгіп адалдықпен шыңдалды.

Желтоқсандық әлі есте ызғардың...  
Шашын жұлды сұмпайылар қыздардың.  
Тәуелсіздік алып берді денесі  
Қалқасында қалса-дағы күз-жардың,  
Еске түссе ел жүрегі сыздар мың...

Қанын төккен, жанын қиған жер үшін,  
Қаһармандар жаралыпты ел үшін.  
Ей, қазағым, аманаты салардың,  
Қысылғанда жалғастырып жең ұшың,  
Тәуелсіздік – сенің ұлы жеңісің!

Ынтымаққа шақырып ел жақынын,  
Аямайтын асқар таулы ақылын.  
Қайрат күнші аңыз болған баршаға  
Батырлардан үлгі алудан батырым,  
Саған кезек келіп жетті ақырын.



## МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Тәуелсіздік алғам елім,  
Әлемге үнін жарған елім  
Тарихта бар талай-талай,  
Қиындыққа барған едің,  
Менің Қазақстаным!

Тарылғанда тыныс болдың,  
Қиналғанда қылыш болдың  
Сан ұлттарға құшақ жайып,  
Бірлікті ел ұлыс болдың,  
Менің Қазақстаным!

Құлаш ұрған заңғарларға,  
Елін сүйер жандар барда  
Кең әлемге танылдық біз,  
Бұдан артық арман бар ма,  
Менің Қазақстаным!

Өркениет өрісің кең,  
Шырқай бергін ер ісіңмен!  
Жер әлемге мақтан тұтам,  
Сендей қымбат жер үшін мен,  
Менің Қазақстаным!





## ҚЫРАН ҚАЛАМ

Қапшағайым, шын сүйемін мен сені,  
Саған деген жоқ махаббат өлшемі.  
Арман қанат жанға жайлы қонысым,  
Алатаудай биік болшы еңселі.

Кетпесінші келбетіңді ластап,  
Ең әдемі сезімдермен кіл асқақ  
Тек тілдесіп жатсаң болды тілдесіп,  
Толқынында біз жүземіз құлаштап.

Қуат алып бір өзіңнен бойға сан,  
Бақыттымын сен мәз болып тойласаң.  
Қуаныштан жарылардай шақ қалам,  
Елбасы айтқан болашақты ойласам.

Күндер туар саған қарар тамсана,  
Балақайлар жүгіретін жан сала  
Шағаладай келіп қонған жағаңа,  
Бақытты өмір кешуде жұрт қаншама?!

Болса да ауыр көтерер ер жүгі тым,  
Аша білер қиындықтың құлыпын.  
Жұрт қамы үшін тұғырына кеп қонған,  
Таудай ағам елдің ақтар үмітін.

Биік-биік белес ашар жол саған,  
Бізге бақыт ел-жұртымыз болса аман.  
Қыран қалам, талмай қанат қаға бер,  
Жеткен жеңіс, ерлігіңе қол соғам!



**Тоқтар Әкішұлы**  
**еңбек және мемлекеттік қызмет ардагері,**  
**Қапшағай қаласының құрметті азаматы**



Тоқтар Әкішұлы 1945 жылы 1 ақпанда Алматы облысы Балқаш ауданы Қарой ауылында туған. 1952 жылы Тоқтар Әкішұлы сол туған ауылындағы «Аралқұм» бастауыш мектебінің табалдырығын аттайды. Отбасылық ауыр материалдық жағдайларға байланысты 1959 жылы «Үлгілі» орта мектебінің 7 сыныбын бітіргеннен кейін, мектеп қабырғасымен қоштасып, 14 жасында еңбек жолын бастауға мәжбүр болады. 1962 жылы Алматы облысының Талғар қаласындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумына оқуға түседі. 1965 жылы Отан қорғау алдындағы борышын өтеуге аттанады. 1969 жылы бұрынғы Іледе, кейіннен 1970 жылдың мамыр айынан бастап Қапшағай қаласына көшірілген Іле балық зауытында еңбек ете бастады. 1973 жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына



сырттай оқуға түсіп, оны 1978 жылы тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Осы кезден бастап әртүрлі партия, совет органдарында әр деңгейдегі қызметтер атқарады. Қапшағай қаласының Қазақ тілі қоғамының мүшесінде қызмет атқарған; алғашқы кезең – Тіл мәдениеті бастығы, тіл басқармасының бастығы, ал олар қысқарғаннан кейінгі, яғни 1992 жылдан бастап 2010 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейін Қапшағай қаласының әкімшілік аппаратында Бас маман-аудармашы қызметін атқарған. Тоқтар Әкішұлының өз бастауымен 1995 жылы қаланың 25 жылдығына орай екі тілде «Қанат жайған Қапшағай – Қапшағай день за днем» деректер жинағы мен «Қапшағайлық ақындар – Поэты Капшагая» жыр топтамасы шықты. Осы талпынысты әрі қарай жалғастырып, Қапшағайдың 30 жылдығына орай «Қапшағай – үшінші мыңжылдық ғасыр жолында – Қапшағай на пороге грядега тысячелетия» деген шағын кітабы және Қапшағай қаласының 40 жылдығына арналған «Қапшағай теңіз жағасындағы қала» атты кітабының шығуына зор үлес қосқан азаматтардың бірі.

Тоқтар Әкішұлының 51 жылға жуық еңбек өтілі жоғары бағаланып, әр деңгейдегі марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, 1990 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталып, 2000 жылы «Қапшағай қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл»



медалімен марапатталды. 2005 жылы облыстық «Үздік аудармашылар» сайысында Бас жүлдені жеңіп алып, сол жылы Республикалық «Үздік тіл қызметкерлері» фестивалінде жүлделі 3 орын иеленіп, Республикалық, облыстық және Қапшағай қаласы әкімдерінің көптеген Дипломдарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Тәуелсіздік – тәтті ұғым, жүгі ауыр,  
Жолы да соқпақты, кедір-бұдыр.  
Сол жолда біреу құлап, біреу тұрып,  
Адамзат бастан кешті қиын ғұмыр.

Тәуелсіздік – еркіндік, ел аңсаған,  
Өр халқым, сол үшін де аянбаған.  
«Мың өліп, мың тіріліп» жатса дағы,  
Мақсаттан алға қойған тартынбаған.

Тәуелсіздік – бостандықтың бар болмысы,  
Бой түзеп, болашаққа қадам басар.  
Еселі еңбек, толығар ел ырысы,  
Жаңа өмір, жаңа заман алға апарар.

Тәуелсіздік күресі сонау ерте  
-заманында Массagetтер бастау алған.  
Қолбасшы – Тұмар ана сол күресте,  
Амалмен Кир патшаның басын алған.



Тарихта маңызы зор осы жеңіс  
Кезінде Қағанаттар жалғас тапқан.

Мемлекеттіктің нышаны – Қағанаттар  
Қолданған алғаш рет заңдылықтар.  
Салдарынан кер тартпалы кеңшіліктің,  
Жетпеді-ау жүз жылға да сол бастамалар.

Кезеңін Қағанаттар алмастырды,  
Заманы Алтын Орда әлемге аян.  
Алауыздық, сатқындықтың салдарынан,  
Ыдырап, жеке-жеке билік құрған.

Байтақ дала көгінде шуақ шашар,  
-Жарқырады қос жұлдызы қазағымның.  
Керей мен Жәнібектей хас батырлар  
Көтерді шаңырағын хандығымның.  
Төрт жүздей тарихы бар бұл дәуірде  
Ұласты үш жүз жылдық зар заманға.

Күресте Жоңғарлармен үш жүз жылдық  
Бірінде жығып, жалпысы көп жығылдық.  
Салдарынан еңсені езген бодандықтың  
«Елім-айлап» бел асып, елден кеттік  
Сасқандықтан қол созыппыз «теріскейге»  
Барындай дәл соларда құдыреттілік.

Тағы да алданыппыз «ағатайдың»,  
Күліп тұрып жасаған қулығына  
Аяусыз алым-салық октемдіктің,  
Аяғы алып келді «он алтыға».



Батыста, арқа менен Жегісуда  
Ызаланған қалың жұрт атқа қонды.  
Әттеген-айы теңдесіз сол шайқаста  
Өңірлер судай аққан қанға толды.  
Үзіліп үміт, жігер құм боп,  
Тартты елім, білмей қайда барарын да.

Тәуелсіздікті жақындатты желтоқсаны,  
«Сексен алтының» аязды ақ бораны.  
Ақ қарда жосыдайын жас қан ақты,  
Молтілдеген көз жасы да, мұз боп қатты.  
Нәтижесінде, жас жігердің, мол қайраттың  
-«Тоқсан бірде» Тәуелсіздіктің таңы да атты.

Жырлағандай «Көк Тудың желбірегені»  
-30 жылдық мерей той берекелі.  
Тәуелсіздік тұғыры берік қолда  
-жастардың өрелі де өнегелі.  
Ұстанымы ұраны – Мәңгілік Ел,  
Жасасын еңселі елім – Қазақстан.







Алтыншаш Жұманқызы Жақиянова ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Қапшағай қаласының құрметті азаматы



Алтыншаш Жұманқызы Жақиянова Түркістан облысы, Майдантал ауылында 1959 жылы 30 қаңтарда дүниеге келген. Сол туған ауылында ХХ партсъезд атындағы орта мектепте онжылдықты бітірді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетін, қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының филология факультетін тәмамдаған. Ол «Жүрегімнің жұлдызы», «Өлеңім – өмір жолым», «Жанымның нұры», «Сүмбіле», «Қапшағай



толқынында туған жырым», «Құлыншақ», «Сезімнің гүлі» т.б атты жыр жинақтары мен «Қанат жайған Қапшағай», «Менің Мұқағалиым», «Алып тұлға және айдынды қала» атты көркем-публицистикалық жинақтардың авторы.

Алтыншаш Жақиянова – тума талант. Тағдырдың жетегіне ілесіп, Қаратаудан Тарбағатайдай дара тауға, одан Алатауға оралып, әр қиырдың жұртын “өз қазағым” деп құрметтеп, ұлтқа тән тектілік танытып келеді. Елдің қуанышына да, мұңына да ортақтасып, өз өмірімен қоса, ел тағдырын жырмен жеткізген ақын.

Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана қорына (<http://kazneb.kz>) ақын А.Жақиянованың 10 кітабы енгізілген.

ҚР Журналистер Одағының, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, 2017 жылғы «Балалар әдебиетінің үздігі» «Бас бәйгесінің» жеңімпазы.

## ЖЕЛЫРЕСІН КӨК ТУЫМ

Тәуелсіздік, егемендік – ұраным,  
Шырқалатын көгімдегі жыр-әнім.  
Азат елдің туы мәңгі желбіреп,  
Тұрса егер, мен де аман тұрамын.

Тәуелсіздік – елім алған дербестік,  
Талай-талай азат елмен теңестік.  
Биік болсын Туы қазақ елімнің,  
Бодандықты жеңдік, міне, келмес қып.



Бейбіт аспан дәлелдейтін коктігін,  
Көктем түстес желбіресін көк туым.  
Ата-бабам салып кеткен сүрлеу мен,  
Ешқашанда жоғалмайды от тілім.

Алға тартып ар-ожданын, ұранын,  
Биігіңде қалықтасын қыраның.  
Шуағыңды елге бөліп шаш енді,  
Көрсетпесін енді өмір сынағын.

Қырандайын еркін ұшқан көгіңде,  
Тәуелсіздік мәңгі орнасын елімде.  
Жайнай берсін егеменді еліміз,  
Гүлдер солып, тапталмасын жерімде.

Аман болып, құт береке ел іші,  
Кеңі берсін қазағымның өрісі.  
Еліміздің үстем болса мерейі,  
Мәңгі орнаған Тәуелсіздік жемісі.

\* \* \*

Осы күнді елім күткен сарылып,  
Көрген жоқпыз содан бері тарылып.  
Егемендік мәңгі орнады елімде,  
Бодандықтан біржолата арылып.

Қанша күтті еркіндікті қазағым,  
Бодандықтың көрді талай азабын.  
Бабалардың шұғылалы арманы -  
Егемендік – бостандығым, ғажабым.



Тәуелсіздік - бойтұмары елімнің,  
Егемендік – бостандығы жерімнің.  
Бодандыққа бағынбайтын қазағым,  
Ақталғаны қанша жылғы теріңнің!

Атам қазақ жауға найза кезенген,  
Егемендік арманы еді ежелден.  
Жанын берді, қанын берді сол үшін,  
Өттік талай қиыншылық кезеңнен.

Талай қыршын қиды өмірін намыстан,  
Болашағы үшін елдің алысқан.  
Тәуелсіздік туы мәңгі биіктен,  
Желбіресін, көрсін әлем алыстан.

Соқтырмасын енді өмір дауылын,  
Тәуелсіздік – құт-береке ауылым.  
Алшаң басып ән шырқаған Алты алаш,  
Қазақ деген шат-шадыман қауымым.

Көгенкөзге ашпай елім қақпасын,  
Енді ешқашан ойрандалып жатпасын.  
Егеменді туын ұстап елімнің,  
Жаңалыққа бұрсын дәйім ат басын.

Жырмен қалап бейбіт елдің бейнесін,  
Алашымды тыныш өмір тербесін.  
Жастарымыз болашаққа нық басып  
Қазағымның туы көкке өрлесін!



## ҚАПШАҒАЙЫМ

Қапшағай, құтты болсын жарты ғасыр,  
Қашанда халқың үшін нарқың асыл.  
Бұл күнде көркің әсем, көз тоярлық,  
Шуақты қала болдың мәңгі жасыл.

Оранған түрлі-түсті көшең гүлге,  
Бой түзеп тал-шыбықтар өсер бірге.  
Қалаңның іргетасын қалағандар,  
Өзіңмен бірге жасап, есен жүр ме?!

Қапшағай, ата берсін жарқырап таң,  
Шаһарсың ететұғын халқы мақтан.  
Ер жасы елуге де келіп жеттің,  
Тұлпардай оза шапқан арғымақтан.

Орнаған құм төсіне бақ-сарайым,  
Жылдан-жыл көркейе бер, Қапшағайым!  
Теңізден көтеріліп шыққан күннің,  
Шуағына ел шомылып жатса дәйім.  
Мерейтой құтты болсын, Қапшағайым!





## ҚАЗАҚТЫҢ КЕМЕҢГЕРІ

Аямай терін төккен қазағы үшін,  
Тұлғасы тау тұрпатты дара мүсін.  
Өмірі өнеге боп жылдан-жылға,  
Шоқтығы биіктеп-ақ барады шын.

Қастерлеген қазағы ұлы тұлға,  
Мұндай жанды бола ма ұмытуға.  
Алты алаштың баласы ардақ тұтып,  
Аңыз қылар әр ісін қосып жырға.

Еш кетпей елге берген шапағаты,  
Күннен-күнге жаңғырып жатады аты.  
Алаңға шықты алып желтоқсанда,  
Халқының оған деген махаббаты.

Қасқалдағын аңсаған айдын-көлі:  
«Қайда - деді, - қайыспас қайран ерім?».  
Шүрегейге бас имей намыс кернеп,  
Зығырданы жұртының қайнап еді.

Жүрегінде халқының азап-мұңы,  
Өн бойында қазақтың қазақтығы.  
Түйіні сол күнменен шешілгендей,  
Жылдар бойы аңсаған азаттығы.

Қарапайым араласып дүйім елмен,  
Санасатын халқының күйіменен.  
Маңдайына қазақтың мұндай жанды,  
Тәңірімнің тартқан бір сыйы дер ем.



Дәуірінің сарабдал мұрасы еді,  
Димекеңе арналар жыр әсемі.  
Қала орнатқан төсіне құм даланың,  
Көңілімнен тарқамай жүр әсері.

Бүкіл халық бас иген құдіретіне,  
Бөленген өз елінің құрметіне.  
Естелік боп қаншама еңбектері,  
Жайылып жатыр нұры жер бетіне.

Ұмытылмас өмірден кеткенімен,  
Өнеге алып, үлгі алдық өткенінен.  
Білім алып саналы, қаншама ұрпақ,  
Өркен жайды Қонаев мектебінен.

Ел мұраты кетпеген өзегінен,  
Халқының болашағын сезе білген.  
Еңбек еткен елі үшін Қонаевты  
Қазақтың кемеңгері едім мен.





## ЖЕЛТОҚСАН ҚҰРБАНДАРЫНА

Армандап бейбіт күнді жаңаша алдан,  
Арлы, ояу көкіректерге нала толған.  
Алаңға намыс өртеп шықты жастар,  
Елінің ертеңі үшін таласа алған.

Жанашыр күткендей ед, араша алдан,  
Күн болды жүректерге жара салған.  
Күреспен келген тәуелсіздігімнің,  
Басы боп кеткеніне таласа алман.

Жастарым шаршы алаңда қанға батты,  
Батты ғой сол көрініс жанға қатты.  
Жаныштап, шырылдатып сұм жауыздар,  
Ұлтшыл деп, нашақор деп таңба тақты.

Қып-қызыл қанға батып жатқанда алаң,  
Қым-қуыт қасіретке батқан далам.  
Кеткенде «байғыздарың» бас сауғалап,  
Қайран, боздақтарым-ай, жасқанбаған.

Жазылмай жанға батқан жараларың,  
«Байтал түгіл бас қайғы» даналарың.  
Қапыда кеткен, қыршын, білмедің-ау,  
Адам кеп, жыртқыш болып жан аларын.

Өшкенше жас ғұмырын жанбай жатып,  
Құрбан болу елі үшін қандай бақыт?!  
Жастардың ерлігіне қайбіреулер  
Тағында отырды ғой таңдай қағып.





Кім өлтірді, қырған кім боздақтарды?  
Сонда кімді қанды қол қорғап қалды.  
Ботасынан айрылған бозінгендей,  
Қанды алаңда мұңды әуен боздап қалды.

Сол қыршындар қан төгіп қозғап кеткен,  
Тәуелсіз күн бұл күнде маздап көкпен.  
Рухтарың мәңгі өлмес кеудемізде,  
Боздақтарым, елім деп боздап кеткен.

Желтоқсан жаңғырығы қозғап бәрін,  
Арман еткен егемен орнап бағы.  
Отыз бес жыл өтіпті, жатыр елім,  
Сағынышпен еске алып боздақтарын.





**Жұмақан Нұрлыбайұлы Қожамқұлов**

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Қапшағай қаласының құрметті азаматы,  
бірнеше туындылардың авторы



Жұмақан Нұрлыбайұлы Қожамқұлов 1962 жылы 5-ші сәуірде Алматы облысына қарасты Шеңгелді ауылында дүниеге келген. Жұмақан Нұрлыбайұлы 1977 жылы мектеп қабырғасын тәмамдап, екі жылдай уақыт Шеңгелді совхозында жұмыс жасайды. Кейін 1979 жылы қазіргі Талдықорған қаласындағы педогогикалық институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түседі. 30 жыл шәкірт тәрбиелеп, білім жолында аянбай тер төккен ұстаз бүгінде 60-тың төріне шығып қалған белді жазушы.

Ең алғашқы кітабы 1999 жылы «Ескерткіш» деген атаумен жарық көреді. Сөйтіп, төл туындылары кеңінен жарыққа шығып, жариялана бастайды. Сондай үлкен туындылардың бірі Қадырғали



Жалайыр туралы «Қияда қалған жұлдыздар» кітабы. Одан бөлек Мұхаммед Пайғамбардың өмірін зерттеп, сол бағыт аясында жазылған дастаны да жарық көрген. Сонымен қатар Шеңгелді ауылында тұрғызылған Бөлек бидің ескерткішіне орай «Ұлыстың ұлы Бөлігі» атты тарихи туындысы да елге кеңінен аян. 2014 жылдары Қапшағай қалалық мәслихат депутаты болып, елдің алғысын алған азаматтардың бірі. Сондай-ақ, Қапшағай қаласының «Құрметті азаматы» мен Бөлек би атынан ашылған қордың алғашқы директоры болып та танылды. Жазушымыздың ауыл тарихындағы үлкен жетістігі ол – мектеп өміріне Қадырғали Жалайырдың есімін беру еді. Сонымен қатар, мектеп тарихында алғаш рет орын алған мұражайдың ашылуына зор ықпалын тигізді. 2018 жылы 12 қаңтарда Астана қаласында өткен өлкетанушылар съезінде «Үздік өлкетанушы» төс белгісімен марапатталып, сол жылдың аяғында Елбасы Н.Назарбаевтың арнаулы Грамотасына ие болған еді. Жұмақан Нұрлыбайұлы бүгінде жары Эльмирамен бірге екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған бақытты отбасы.

Шығармалары:

«Ескерткіш», «Аманат», «Қияда қалған жұлдыздар», «Ұлттың Ұлы Бөлегі», «Бабалар ізі жаңғырды», «Өрісі кең өнегелі өмір», «Бабалар еліне саяхат», «Тарих Іле - шежірелі Шеңгелді», «Аманат», «Беу, Жетісу, жерім-ай», «Мүйізді Өтегеннің мүйізді ұрпағы», «Шежіре. Жалайыр. Балғалы».



## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Алға бастап Алатаудай тірегім,  
Тұзақ құрған дұшпан үзді күдерін.  
Елім қонды жағасына Іленің,  
Майы шығар тиіп кетсе күрегің,  
Жайып тұрған қамыс құрақ кілемін.

Ел демалды, ал батыр тұр қомданып,  
Береке де орнағандай қолға нық.  
Көңіл тынбай қарай берді толғанып,  
Ұлы Алла түсіргендей мол жарық,  
Көз ұшында тұрды күтіп олжа анық.

Елдің жүгін арқаға артып тағы нар,  
Жерұйығы алдымыздан табылар.  
Текелі тау қол бұлғайды тап мұнар,  
Қасиетті Қараталың бал тұнар.

Шиырлаған Іле бауырын өр құлан,  
Қалың қамыс құсқа толды, жортып аң.  
Бөлек батыр балғалыға бас ие,  
Самғап ұшқан Ескелді би – ол Қыран,  
Алға қарай көш қозғалды орнынан.

Атажұртқа ұлы көштің басы бұл,  
Ел-жұртына өзі бас боп асыл ұл.  
Малайсары, Шаған таулар, Текелі,  
Күн қонақтап төбесіне, басы нұр!  
Құзғын заман кес-кестесе жасын ұр.



Көш келеді үлкен аумақ жерді алып,  
Күн күлімдеп төгіледі ең жарық.  
Аспан – мұхит, сауыры шық, жері балық,  
Атажұртың қуанады ел танып,  
Кіндік қаны тамған жерге жетті анық!

Бала асыр сап, жүрек тулап, дүбірлеп,  
Жер қайысып келе жатыр бір дүрмек.  
Бар шуағын аямай-ақ күн үрлеп,  
Жел піспек боп, Қараталған күбі ілмек.

Қасиетті, жанға жайлы жайдақ өзен Қаратал,  
Ырысымен дүйім жұртты ауызына қаратар.  
Мінезі жоқ тіптен дүлей, сел ағызып мал батар,  
Момын бала балық аулап, қырғи жігіт аң атар.

Қараталдың беті – қымыз, іші – айран,  
Су лықсып, тамыжыған сырлы әуен, күс сайран.  
Төсі – айна, жұлдыз – аққу,  
маржан тастай өрілген  
Күміс түбіт, аппақ шәлі шұбатылып түсті айдан.

Судың бойы қалың қамыс,  
қара түндей балқыған,  
Жібек желек жалы айырылған тал-құнан.  
Ойпат - ожау, бөктер - бөксе,  
қыртыс құйқа даланың,  
Шықтан шөбі шолпы ілген, алқымы ән.

Иемденді ел жердің асыл жаннатын,  
Құтты аймақ балдай жағар жанна тым.



Бабаларым құтты орнына қондырды,  
Құлайын деп тұрған кезде жұратын.  
Кетпейді, елім, енді ешбір жауға ақың.

Бабаларым иесі өзі Жетісудың, аумақтың,  
Дұшпан естіп, көшіп кетті аулақ тым.  
Ұлы Алладан мейір түскен жер ғой деп,  
Қасиеті жұқсыншы деп тұлпарымды аунаттым.  
Аллам өзі көрсінші деп ел үмітін тауға арттым.

Семсер жырды сермеп қалсаң от шығар,  
Тәңір берсе жүйрік ойды топшылар.  
Ескелді би, Батыр Балпық, Өтеген,  
Райымбек, Қабан жырау – топ шынар  
Қатар гүрар ұлыларымен бүгінгі күн жоқ сынар!

Бабаларым жайындағы жетті, міне әңгіме,  
Ұмытылмас есімдерің Жетісуда мәңгіге.  
Жүректерде желбірейді ту болып,  
Көгеретін көкіректе әр қазаққа дәнді іле,  
Жадырайды мұның бәрін жан біле!

Қос әулие қатар жатыр, шатыр тігіп бұл маңда,  
Егіз өзен ширатылып, ырыс толы, су қамба.  
Әр маржанын төгіп шашпай,

Айналдырар аппақ қардай диқан жинап ерінбей,  
ақ күрішпен ұн, нанға.

Ел иесі, жер киесі Жетісудың бұл аймақ,  
Алла нұры өрнектеген ізі жатыр – тұр айғақ!



Сахараның әр шетінен аңсап келген ұрпағы,  
Тағзым етіп, жатып кетер  
мауқын басып мұнда айлап.

Балпық атам мұнарасы ақ шаңқан,  
Тау толқынға ұқсайды өзі тамшы атқан.  
Басқа жастап дүрілдеген Көксуды,  
Арасында түн түріліп, таң шапқан.  
Қыран болып қарап жатыр алшақтан!

Көп ойларды келдім, Ата, жетектеп,  
Сізге арнаған жыр тұлпарын жеке ерттеп.  
Су бұрқырап, күбідегі қымыздай,  
Жұлдыз шоршып, қалғыған Ай селт етпек!

## ҰЛЫЛАРДЫҢ ІЛЕДЕ ІЗІ ҚАЛҒАН

Ұлылардың Іледе ізі қалған,  
Ой келеді үзік алуан.  
Мезгіл жетіп, Ұлы Аллам қасына алып,  
Есімдерін моншақтай тізіп жалған.

Ұйқымдасып, қол созып жұртпен барлық,  
Қала орнатты Ұлы Үйсін, Түргеш, Қарлұқ,  
Қыш құбырмен су беріп, кірпіштен үй сап,  
Жиналыпты Ілеге бүткіл халық,  
Билік құрып, шығарған үкім, жарлық.

Қарлы шыңы мұз таудың биік, қатпар,  
Жер апшысын қуырып жүйрік аттар,



Кавказ, Қырым, Балтыққа қорған салған,  
Бізден шыққан атақты скиф, сақтар,  
Құрмет тұтып, басынды иіп мақтар.

Парсы шауып, қалалар жатты қирап,  
Шықты олардың алдынан батыр Ширақ.  
Құмға алдап апарып, шөлде қырып,  
Төмпешік боп дұшпаннан қапты зират.

Билік құрған бұл жақта Тұмар ханым,  
Түрік тектес бас болып ұлтқа қалың.  
Кир патшаны тоғытып атауға алып:  
«Қанқұмар ең, адамның ұртта қанын».

Қытай жерін, Гобидің құмын тастап,  
Ұлы Мөде келіпті гүнда тастап,  
Қалың халқы Іледен мекен тауып,  
Оған куә Алатау, ұлы ақсақ.

Өтті Іледен теңдеп ап қамысты атқа,  
Еділ батыр аттанды батыс жаққа.  
Батпан қолды Римді бағындырған,  
Ұлы ерлігі жеткізді басты таққа.

Көшті Алтайдан бар оғыз Сыр бойына,  
Тастап кеті Ұлы Көш жырды ойыма?  
Біраз тұрып Іледе Қорқыт кетті,  
Ауыр жүкті артқан соң жұрт мойнына.

Жарқыратып Ілені шығыс таңмен,  
Тең келеді қай патша Шыңғыс ханмен.





Ол тарихтың төрінде тау болып тұр,  
Құс қанаты талады шынды асқанмен.

Іле, Шуды жайлаған моғол халқым,  
Өнер, ғылым, сан алуан болған салтың.  
Үндістанның төрінде мәңгі қалды,  
Тадж Махалға айналып қолдағы алтын.

Қатып қалған жалатып тасқа майды,  
Қолға күнді орнатып, басқа Айды.  
Келді Ілеге жерді іздеп асқан жайлы,  
Желмаясын желдіртіп Асан Қайғы.

## II

Бұлт түйіліп қатпарлы қабак қырау,  
Қамшы тиіп қалмаққа батпан дырау.  
Көкірегін жоңғардың қақ айырған,  
Жолбарыс би, Өтеген, Қабан жырау.

Күш пен жігер отқа орап, шаршып тасты,  
Қабанбай мен Наурызбай Шапырашты.  
Азаттықтың ақ тауын желбіретіп,  
Арайланды көк аспан-шатыр тасты.

Көш бастаған Ескелді, Балпық атам,  
Рауандап атып ел халқыма ақ таң.  
Ұлылардың ұлтжанды ұрпағы едік,  
Тырт еткізбес құрықпен атты тарпаң.

Айдаһарға сездірмей қаһар шашқан,  
Алғаш рет әлемге Қашқарды ашқан.



Шеңгелдіге арнайы Шоқан тоқтап,  
Қарсы алды оны салынған шаһар тастан.

Қарсы алысып Алланың жарық таңын,  
Туған жерге оралды алыптарым.  
Ұлытаудай ұлтымның ұлыларын,  
От боп маздап жүрегім, таныт бәрін,  
Жасын жырым қыран боп қалықтаған.

Ажыратып тарихтың ара жігін,  
Қақ айырып жалғанның қара жібін.  
Рухы асқақ өр мінез ерлерім көп,  
Арқалаған заманның дара жүгін.

Нарық заман секілді кесір келін,  
Табанына таптаған есіл ерін,  
Тұмшалаған көгімді бұлтты ысырып,  
Ұлылардың атадым есімдерін,  
Жайқалып тұрғандай боп төсімде егін.

Бабалардың таламастан ізін кесіп,  
Қорқыт атам қасымда түзде ілесіп.  
Ұлы Іленің қаңтарда мұзын ойдым,  
Жатыр-ау деп түбінде біздің бесік.

Ұмтылсын жанымның талпынысын,  
Аяғым жоқ шынымен халқым үшін.  
Алмасам да атақтың алтын құсын,  
Байланысты еліммен нақты ісім.



Альбина Ивановна Лаврова  
автор многих книг, Отличник образования  
РК, член Международного союза писателей  
Республики Казахстан, Почетный гражданин  
города Капшагая



Лаврова Альбина Ивановна родилась 12 февраля 1937 года в семье сельских учителей в Киргизской ССР, Фрунзенской области село Новониколаевка.

В 1959 г. окончила филологический факультет Киргизского государственного университета. Начала свою трудовую деятельность в средней школе Конезавода №113 учителем русского языка и литературы. Одновременно работала корреспондентом газеты «Ленинское знамя».

Альбина Ивановна автор книг: «Сценарии школьных мероприятий», «От сердца к



сердцу», «20-летию Независимости Казахстана посвящается», «Когда душа жива...», «Верные воинской присяге», «Мир таков, каков он есть», «Во имя жизни», «Через призму собственной совести...», «Моё сердце с тобой, Капчагай», «По зову сердца своего...». Восемь из этих книг находятся Казахстанской Национальной Электронной библиотеке.

Сегодня на счету А.Лавровой более 3000 газетных статей. Общий трудовой стаж – 63 года. Она встречается с руководителями города и интересными людьми, активно принимает участие в городских мероприятиях, в том числе и мероприятиях городской библиотеки.

Почетный гражданин города Капчагай, Отличник образования, Ветеран труда, Член Международного Союза писателей Республики Казахстан. Награждена Почетным знаком Ыбрая Алтынсарина, юбилейными медалями, грамотами Министерства образования и Республиканской Ассоциации частного образования. В 2016 году была награждена Почетным дипломом за подписью Президента Академии журналистики Республики Казахстан С.Казыбаева.

Альбина Ивановна, не только успешная женщина, но счастливая мама двоих детей.



## КАЗАХСТАН

Мой Казахстан, мой Казахстан  
Земля отцов, земля святая,  
Ты для меня навеки стал  
Частичкой земного рая.

И благодарна я судьбе  
За то, что слиты наши жизни.  
Мой Казахстан, пою тебе!  
Люблю тебя, моя Отчизна!

Уютный дом, родимый край,  
Гарант спокойствия и счастья,  
У нас с тобой одна судьба,  
И нас не разделить на части!

Ты для меня навеки стал  
Частичкой земного рая,  
Мой Казахстан, мой Казахстан  
Земля отцов, земля святая!





## МЫ ЖИВЁМ В КАЗАХСТАНЕ

Мы живём в Казахстане - дети разных народов,  
Дружим все, как и прежде, и вражды не хотим,  
И назло всем ветрам, назло всем невздадам  
Эту дружбу святую навек сохраним.

И безумием было б порвать наши узы с Россией.  
Казахстан и Россия - кто богаче и кто добрей?

Люди! Взрослые! Не нарушайте единства

Ради нас, ради счастья своих детей!

Нас сроднили солдаты печатями крови.

И коль было б возможно им встать, из могил,

То сегодняшних распрей прежде

братских народов

Ни один из погибших бы нам не простил...

Мы будем умолять всех неустанно

Ценить людей за ум и быть мудрей.

Кто трудится во имя Казахстана,

Тот верный сын Республики своей!

## ДЕКАБРЬ 86-ГО

Я помню, как всё было 30 лет назад.

Мела в стране декабрьская стужа.

Волненья шли четвёртый день подряд,

И ждали новый день - страшней и хуже...

Повсюду бушевала молодёжь,

Кричали: «Казахстан свободен! Независим!

И гордость в казахстанцах не убьёшь!

Народ стремится к беспредельным высям!»



Терпели всё: угрозы и арест,  
Смотрели в будущее через годы.  
И слово «независимость» окрест  
Звучало мощным голосом народа.  
История вершит свои дела:  
СССР распался в одночасье...  
С распадом этим каждая страна  
Пути искала к собственному счастью.  
Мне очень жаль огромную страну –  
В ней было много грандиозных строек,  
И я до сей поры всё не пойму,  
Как можно было допустить такое?!  
С тех пор прошло немало - тридцать лет...  
Мы многого достигли в эти годы,  
На площади воздвигнут монумент  
Борцам за казахстанскую свободу.  
И Казахстан наш вырвался вперёд!  
Как гордый барс, он на виду у мира.  
И крепнет Казахстан из года в год,  
Становится для многих стран кумиром.  
Он лихолетье девяностых пережил.  
Он сохранил стабильность отношений.  
Он бережёт безоблачную жизнь  
Для всех людей, для многих поколений.  
Кладу я к монументу тридцать роз,  
И сердце разрывается на части...  
Я так хочу, чтоб гордый мой народ  
Построил замок под названием «Счастье».



## ГИМН РОДИНЕ

Осень золотая листьями клёнов шумит,  
Осень золотая мятным дурманом пьянит.  
Мы в Казахстане в добром согласье живём,  
Искренне, нежно Родине гимн поём.  
Дом казахстанский греет теплом сердца.  
Щедрости нашей нет и не будет конца!  
Дружба народов - это как свет в ночи,  
Это для всех нас отблеск божьей свечи.  
Пусть улетают на дальний юг журавли,  
Солнце лучи свои будет нам щедро лить.  
Пусть облетает с клёнов осенних листва,  
Но в наших душах будет любовь жива!  
Осень золотая листьями клёнов шумит,  
Осень золотая мятным дурманом пьянит.  
Мы в Казахстане в добром согласье живём,  
Искренне, нежно Родине гимн поём.








**Ізтілеу ТОЙШЫБАЙҰЛЫ**

қоғам қайраткері, публицист, ақын, Әлем Халықтары жазушылары Одағының мүшесі, Астана қаласының 20 жылдығына арналған мүшәйраның жеңімпазы, Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысының төрағасы



Тұңғыш өлеңі 1972 жылы «Балхаш еңбеккері» газетінде жарық көрді. 1974 жылы Алматы Құрылыс техникумының «Өндірістік және азаматтық құрылыс» факультетін, 1978 жылы Қазақ мемлекеттік Ауылшаруашылық институтының «Экономикалық» факультетін, Алматы Совет сауда техникумының «Тауартанушы» факультетін



бітіріп, соған сай мамандықтар алып шықты және 47 жыл еңбек жолында халқына қызмет жасады.

«Менде де жүрегі бар ақындардың», «Өмір элегиясы», «Жиделер жұпар шашқанда», «Сыздаған жүрек сырлары», «Біткен жоқ жүрек сөйлеп жаным жырлап» атты өлең жинақтарының авторы. «Әлем Халықтары Жазушылары Одағының антологиясын» құрастырушы авторлардың бірі.

Дүниежүзілік «Темірқазық әлемінің үздік ақыны, жазушы – 2019» мүшәйрасының ІІІ-дәрежелі диплом иегері (2019). «Желтоқсан Ардагері», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Корнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев», «Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы», «Кеңес Одағының Батыры Мұсабек Сеңгербаев», «Отан Патриоты», «Желтоқсан қаһарманы», ӘХЖО-ның «Құрмет иегері» алтын медальдарымен марапатталған, сондай-ақ 2021 жылғы 15-тамызда Үндістанның Тәуелсіздігіне 75 жыл толуына байланысты Жер шарындағы ең белсенді жазушылар форумы «Motivational strips» халықаралық әдеби сыйлығымен марапатталды және Қапшағай қаласының Құрметті азаматы.



## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ

Ойдамын, түн тыныштық, жырақ қалып,  
Өткеннен, бір мойындап, бір ақталып.  
Бас қатты бір тұраққа тоқтай алмай,  
Тергедім өз-өзімді – сұраққа алып.

Ойға алған күндерімнен жараланып,  
Сол сезім, тұңғыыққа барады алып.  
Халқымның еркіндігін арман еткен,  
Қаймағы қазағымның сыртта қалып.

Керегі, келер күнім, атар таңым,  
Алдында ар-ұяттың адал жанмын.  
Басса да тұрақсыздық заманым бұл,  
О, менің жар бола көр адалдығым.

Жабырқау қиямет ой жамалды шын,  
Жүрекке қиянатты оқ қадалды мың.  
Тәуелсіздік, ақ таңым мәңгі атсын,  
Жерімді мұра қылып сақтау үшін!!!

Желтоқсанда басталған азап таңым!  
Бабам бастан өткізген, тозақ таңын!  
Қазақтың ертеңі үшін қанын төккен,  
Батырлар, Желтоқсан қазақтарым!!!

Өзімді емес – болашақ ойлағаным,  
Дұшпаным көп, әрине басынбасын!  
Отыз жылда бүкіл әлем таныған,  
Тәуелсіз елім мәңгі жасасын!!!

13.11.2021 ж.



## ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Тасығанда, жөңкілген бұлтқа қара,  
Жасығанда, жасампаз жұртқа қара.  
Жаны бірге өзімен нар халықтың,  
Екі талай күн туса сырттап қалма!?...

Шұрық тесік жүрегім, қырық жамау,  
Ел сенімін жастық жігер ақтады-ау!  
Желтоқсан ол – қасіреті халықтың,  
Желтоқсан бұл – азаттықтың ақ таңы-ау.

Күлкімді де құрбандыққа шалғанмын,  
Желтоқсанға айырбастап алғанмын:  
Бодаулықта ғұмыр кешсек итшілеп,  
Керегі не мына өмір жалғанның.

Әділеттік болды сонда басты арман,  
Аға ұрпақ үміт күтті жастардан.  
Шын мәнінде азат күндер бүгінгі,  
Желтоқсанның күресінен басталған.

Күрес болды... сенің, менің қалауым,  
Жалындаттық желтоқсанның алауын.  
Көп ұзамай Одағымыз ойран боп,  
Желбіреттік Тәуелсіздік жалауын!

Қайғы терең боздақтарым үшінде,  
Желтоқсанда қатқан шерім ішімде.  
Кеуде керіп, кеңістікте жүрсең де,  
Жүргендейсің Желтоқсанның ішінде!...



## ЖЕЛТОҚСАН ГИМНІ

*Сөзін жазған І.Тойшыбайұлы  
Музыкасын жазған В.Путерцев*

Намыс қуып, қайнап келген,  
Ұрпағымыз қайратты елдің.  
Елім менің қан жұтқанда,  
Көк тәңірі айбат берген.

Зұлымдыққа қарсы келген,  
Қан майданда қанды кешкен.  
Біз – Желтоқсан батырлары,  
Бостандықты біз әкелген!

### **Қайырмасы:**

Халқым менің, Арда Алашым!  
Елім мәңгі жасасын!  
Біздер көрген қиындықтар,  
Енді елімде болмасын!

Ерлігі асқан ұл-қыздармыз.  
Қарлы алаңда қан жұтқанбыз.  
Желтоқсанның түнегінде,  
Жарқыраған жұлдыздармыз.

Ер атағын ел түлетер.  
Бұған дәйім белді бекем,  
Желтоқсандық қаһармандар –  
Көк туымды желбіретер.



**Қайырмасы:**

Халқым менің, Арда Алашым!

Елім мәңгі жасасын!

Біздер көрген қиындықтар,

Енді елімде болмасын!





**Титов Юрий Никитович**  
ветеран труда, местный поэт



Титов Юрий Никитович родился в 13 сентября 1939 году, в России, Кемеровская область, город Топки. Родители: отец - Титов Никита Емельянович, мать - Титова Александра Гавриловна.

В Топках он пошел учиться в 1 класс. Окончил 3 класс, затем в связи с переездами родителей в г.Иракопьевск и там учился в шести школах. В 1957 году закончил 10 класс. Потом родители переехали город Киселевск. Отец устроил его на работу на завод (1957 г.). Там, до службы в Советской Армии приобрел специальности электро-слесаря и токаря. В Армии – нормировщик строительно-монтажных работ железнодорож-



ные войска (1958 г.). После службы пришел на тот же 605, ныне завод имени Ивана Черных, повторившего подвиг Гастелло под Ленинградом. В тех краях есть летное училище его имени. Женился в июле 1962 году и окончил, защитил диплом по специальности технолог по обработке металлов. На заводе до ВОВ изготавливали мины на японском оборудовании, после - горное оборудование для угольных шахт. Работал инженером-технологом, затем ушел в 3 механосборочный мастером. Жена Титова Надежда Терентьевна работала в том же цехе крановщицей. В 1973 году переехали в город Капчагай. Работал в рисозаводе, потом в сельском строительном комбинате, где работала жена.

Первая книга стихов вышла в свет в 2006 году «Я люблю наш город юный», вторая – в 2006 году к 35-летию г.Капчагай, третья - «В час вечерней звезды» в 2016 году в г.Капчагай. Печатали его стихи в районных и областных газетах, в республиканском журнале «Простор». На 5 стихи написаны музыка. Местный талант Абай Урболатов написал музыку на стихи «Мой город».





## АСТАНА

*Акростих*

Астана. На шелковом пути?  
Стоял там прежде странный городище.  
Такой загадочный, что мимо не пройти,  
А он восстал на этом пепелище.  
Неоновый вокруг калейдоскоп.  
Америка. Европа дружбы ищут,  
Россия. Азия столетьями легко  
Кормились из котла духовной пищи.  
Сам Бог велел дружить и торговать,  
Творить добро и против супостата  
Огонь зажечь в сердцах и воевать,  
Любовь к Отчизне, соблюдая свято.  
И боль потерь, конечно, не нова –  
Цветам и памяти печальные слова  
Алмазной гранью в сердце у солдата.  
Сиянье солнца. В небесах полет орла,  
От гор - дыхание, их пик - великолепье,  
Где у подножия и степь ковром легла.  
Летающий аромат царит над степью  
Апорта с яблони и вижу иногда  
Семь рек, священное число, знак Семиречья.  
Или одна из них: и радость и беда.  
Я размышляю, как природу от увечья,  
Имея в сердце грань Любви по-человечьи.  
Моим собратьям убережь и навсегда.  
И с ними я в спокойной старости на даче-  
Раз здесь живу, земля и рядышком вода –  
Апорта яблоньку растить. И не иначе.



## ЮБИЛЕЙНЫЙ ДЛЯ СЕРДЕЦ

Память на волнами от прилива –  
У людей нетленна на века.  
Колышек забитый стал счастливым,  
Как его строителя рука.

Там, в ущелье, лопасти-турбины  
Заиграли и отозвались,  
Светлячками лампочек от линий  
Лампочки в палатках вдруг зажглись.

Волны чередую набегаю,  
Исчезают в берегах Или,  
Только годы жизни Капшагая  
Тая, к юбилею привели.

Знать, мечта от предков прилетела,  
А волшебник - знатный чаловек.  
Он строитель, мастер слов и дела,  
Отражая времени разбег.

Для потомков пальчик на баяне  
И на струнах - звуки в небеса,  
Город красивеет в Казахстане,  
Дети предков верят в чудеса.

Сложный путь от школы музыкальной  
До Дворца искусств внучатам их,  
Может быть, мой стих слегка банальный,  
Вы простите... я в мечтах своих.



Капшагайский год незабываем -  
Трижды юбилейный для сердец.  
Славен День Победы, славен маем,  
Свадьбам золотым плетут венец.

И в глазах влюбленных ностальгия,  
Прожитым годам возврата нет.

Небо. В небе звезды золотые  
Росчерком блистающих комет.

С корабля мы слышим позывные,  
С космоса приветы люди шлют,  
Спрашивают: «Как дела земные?»  
Видим их космический уют.

Небо, небо в дела земные  
Жители - достоинство страны,  
И от сердца к сердцу позывные,  
Уберите ужасы войны.

Пацанам, девчонкам слышать странно  
В этот век, что есть дитя войны  
Рядом. В этом сердце ноет рана,  
Просит, как лекарства, тишины.

Юности прекрасных мыслей нива,  
Славы добрых дел священная пора,  
Городу цвести другим на диво –  
Капшагай еще прославят мастера.



\*\*\*

Наш город - не город-герой,  
Священны илийские зори,  
Где нежность сияла в обзоре,  
Омытая в прошлом слезой.

И пел соловей о любви,  
Домой под крыло Капшагая  
Вернулись домой шурави –  
У крови цена дорогая.

Здась стела вонзилась в зенит,  
Над нею голубка летает  
И коршун порою парит,  
Ребенок о мире мечтает.

Прохожий ли, гость иностранный,  
Приди, почитай имена  
Героев, сынов Казахстана,  
Чью память лелеет страна.





Берік Шарифұлы Баилов  
ақын, тіл жанашыры,      ЛА 155/14 түзету  
мекемесіндегі колледж директоры



Баилов Берік Шарифұлы 1967 жылы 1-қарашада Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы) Шұбартау ауданы, Бидайық ауылында дүниеге келген. Көрші Абай ауданы Медеу ауылында орта мектепті бітіріп, 2 жыл азаматтық борышын өтеп, Кеңес Армиясы сапында әскерде болған. 1990 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1995 жылы аталған жоғары оқу орынын ойдағыдай бітіріп, еңбек жолын бастады. Алматы облысы Қапшағай қаласы Заречный ауылындағы А.Байтұрсын-



ұлы атындағы №9 қазақ орта мектебінде, №12 орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. 2003, 2004 жылдары №12 орта мектептің директоры болып тағайындалды. 2004 жылдан күні бүгінге дейін Заречный ауылындағы кәсіптік колледж директоры болып еңбек етіп келеді.

Отбасыда бір ұл, екі немере сүйіп отырған өнегелі әке.

### ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЫ

Жаса, жаса, қазақ деген ұлы елім,  
Сен деп соғар жүдырықтай жүрегім.  
Ата-бабам армандаған сан ғасыр,  
Тәуелсіздік – құндылығым, тірегім!

Кең жазира, ұлан-байтақ далам бар,  
Зәулім-зәулім ажарланған қалам бар.  
Ынтымақ пен бірліктері жарасып,  
Бақытты өмір сүріп жатыр адамдар!

Салт-дәстүрі еліміздің жаңғырып,  
Арайланып, атып жатыр таң күліп.  
Өркениеттің қалып қоймай көшінен,  
Ел болуға бет түзедік мәңгілік!

Тамыр жайған тарихым бар тереңге,  
Көкбайрағым желбіреді төбемде.  
Төрткүл дүние көз салады қызығып,  
Егеменді ел – Қазақстан дегенде!



Сен болмасаң дүние опа бермес түк,  
Сен болмасаң береке мен келмес құт.  
Отыз жылда ордалы елге айналдық,  
Жаса, жаса, тәуелсіздік, дербестік!

### ҚАПШАҒАЙ

Қойнауы тұнған шежіре,  
Тартады бірден өзіне,  
Қапшағай - құтты мекен ғой,  
Көрінер ыстық көзіме.

Көлбеңдеп жатқан көк белдер,  
Сыр шертеді өткеннен,  
Тарихы жатыр тереңде,  
Қуәсі оның - көк пен жер.

Бабалар сапар шеккен жер,  
Батырлар қанын төккен жер.  
«Жібек жолы» өткен жер,  
Шоқандай жарық жұлдызым,  
Шалдырып атын кеткен жер.

Бойына барсаң Іленің,  
Ойыңа көп қой ілерің.  
«Таңбалы тас» тарихтың,  
Соқтырып тұр-ау жүрегін.  
Өскелең ұрпақ бүгінде,  
Өткенге басын иеді,  
«Бесшатыр» анау киелі,



Атанның жортқан үстінде,  
Атамның сонда сүйегі.  
Ежелден қалған кесене,  
Құпиясын ішке түйеді.

Үңілсең күнге кешегі,  
Жонында осы өлкенің,  
Жолбарыс жортқан деседі.  
Өзеннің бойы қаз-үйрек,  
Болыпты сансыз есебі.  
Жыңғылы қаптап өседі,  
Қияға қолды кеседі.  
Қыраттың жібек самалы,  
Аймалап сені еседі.  
Марқайып барған адамның,  
Ортайып қалмас меселі.  
Өткеннен солай із кесем,  
Тау аралап түз кешем,  
Қапшағайға келіңдер,  
Жерұйықты іздесең.







## ҚАПШАҒАЙ ТОЛҚЫНДАРЫ

*Сөзін жазған Б.Баилов,  
музыкасын жазған Ж.Саденов*

Өзіңе қандай қала тең келеді,  
Толықсып көк теңізің тербеледі.  
Қапшағай гүл қала, нұрлы қала,  
Шалқысам шабытыма дем береді.

### **Қайырмасы:**

Толқындары тербетіле,  
Тамсандырған келбетіне,  
Қанат жайған Қапшағайым,  
Көрік берген жер бетіне.

2. С чем же сравнить мне тебя, город родной,  
Летние ночи твои, утро весной.  
В сердце моем Капчагай, светлые дни,  
Издалека светят мне, родные огни.

### **Припев:**

Море шумит, ветер поет,  
В светлую даль нас позовет.  
Степи твои, солнечный край,  
Город любви мой Капчагай!

3. Ерекше ертегідей түнгі қала,  
Жарығы жарқ-жұрқ етіп тұр нұрлана.  
Қапшағай ойын-сауық орталығы,  
Төріңде ән шырқайды жұлдыздар да.



**Қайырмасы:**

Толқындары тербетіле,  
Тамсандырған келбетіне.  
Қанат жайған Қапшағайым,  
Көрік берген жер бетіне!





**Бижамал Тұрсынқызы Тигушева**  
жергілікті ақын



**Тигушева Бижамал Тұрсынқызы** - 1959 жылы 9-шы қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Бақты бекетінде дүниеге келген. Әкесі Түйгіш Тұрсын осы Бақты ауылының тумасы. Анасы Мәкеш Мадиярқызы. Ата-анасы қарапайым шаруа адамдары. Жан ұяда бір кіндіктен тоғыз ағайынды. 1966 жылы сол кездегі Мақаншы ауданы Мақаншы ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектепке бірінші сыныпқа барып, осы мектептен алтыншы класқа дейін оқыған. 1972 жылы Бақты он жылдық орта мектебіне ауысып, бұл мектепті 1976 жылы ойдағыдай тәмамдады. Семейдегі М.Әуезов атындағы мұғалімдер даярлайтын училищені үш жыл оқып, мектепке



дейінгі балалар тәрбиешісі деген мамандық алды. Кеңес дәуірінде орыс бала бақшаларында қарапайым бала күтушіден, тәрбиеші, оқу ісінің меңгерушісі болып көп жыл қызмет істеді. 1990 жылы жаңа ашылған қазақ балабақшасына ауыстырылып жоғарғы топтағы балаларға сабақ берді. 1992 жылы осы бала бақшаға меңгерушілікке ұсынылып, 1994 жылға қызмет атқарды. 1995-1996 жылы келісім шартпен Мақаншы қазақ радиосына ауысып операторлық қызмет етті. Халыққа пайдасы тиетін, жас ұрпаққа өнегелі тәрбие бергін, қасиетті қазақы қара өлең жазумен айналысты. 2004 жылдың күзінде Қапшағай қаласына қоныс аударып, осы қалада, мәдениет журналистка саласында, өзгеде көптеген жерде еңбек етті. 2010-шы жылы «Қарлығашым» атты алғашқы жыр жинағы жарық көріп оқырмандармен қауышты. Үш баласы, екі немересі бар.



Егемен елдің мерейін  
Отаным, елім, туғаным

## ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ МЕРЕЙІН

Армысың қазақ елі асқақтаған,  
Келбетінен ешкімге жасқатпаған.  
Ұлан асыр той жасап шақырмаса,  
Аш жүрседе оңаша ас бастаған.

Еркіндігің егемендігін жасасын  
Отызға толдың қуаныш бұл тасатын.  
Осы өлеңім Отанымның тойына,  
Шашуым болсын аспандатып шашатын.

Астанадай қала тұрғыздың,  
Қазағымның еркін басына.  
Арқар Киік Бөкен ойнаттың,  
Тауларымның тасына.

Қазағымның қаласы Алматы мен Астана,  
Қыйын кезде пана болған басқаға.  
Құшақ жайған шеттен келген жандарға,  
Өзі дағы қиындықпен жатса да.

Талдықорған қаласын өркендеттің,  
Орталық жасап жайнаттың.  
Жетісудың өзені мен көлдерін,  
Тіл бітіріп тірілтіп ап сайраттың.

Мәртебесін халқымның көтердің,  
Отаным мен өзіңе тағзым етермін.



Елімнің есін тыныштық беріп жинадың,  
Туған жерге бітпейді тарту сыйларың.

Отызға толған өркендей бер жас Отан,  
Қолдау берсін мейірімі мол жасаған.  
Көз тимесін көк туыңа елтаңбаңа  
Дұшпандарың ұрынбасын тасадан.

Отаным елім қыраның самғап көгіңде,  
Шұбырсын құстарың шулап көліңде.  
Қазақтың саны жылдан жылға көбейіп,  
Алға, жас Отан, көшіңмен артқа шегінбе.

## ОТАНЫМ, ЕЛІМ, ТУҒАНЫМ

Егемен елім жиырмаға,  
Толғанда бүгін қуандым.  
Жырымнан бұлақ ағызып,  
Көңілдің қырын суардым.  
Қазақстан менің Отаным,  
Кобейсін қазақ қатарың.  
Елудей елдің ішінде,  
Аспанға ұшшын атағың.  
Желтоқсан рухы жебесін.  
Еске салып жастар егесін,  
Қасірет қайта шалмасын,  
Қазағым қайғы жемесін.  
Алаштын арқа сүйетін,  
Ерлері ерлік жасасын,  
Қазаққа теріс қараған



Дұшпанның мысын басатын.  
Астана менен Алматы,  
Алашым Орда тіккен жер.  
Баршама қазақ елеңдеп,  
Жаңалық жақсы күткен жер.  
Жиырма бірінші ғасырдың,  
Көкпеңбек болсын аспаны.  
Иманды жүзі күлімдеп,  
Мейірімді болсын жастары.  
Батылдық пенен батырлық,  
Қанында тасып ойнасын.  
Қабанбай менен Бөгенбай,  
Секілді дұшпан қоймасын.  
Қазақтың туы мың ғасыр,  
Желбіреп тұрсын көгімде,  
Қазақтан туған арда ұл,  
Тазалық болсын тегіңде.  
Жиырмаға толған жас Отан,  
Мерейің үстем болғайсын.  
Мұндай да шабыт көсіліп  
Елім деп, ақын зулайсын.  
Нақ тәңірім елін көргенсін,  
Алапат тасқын, сілкініс,  
Жерімде менің болмасын.  
Жұмыссыз жүрген күндерді,  
Құрдымға қарай жіберсін.  
Өз елін ішіп, жеп жүрген,  
Жеменгер ұлдар түтелсін.  
Отаным деп от кешем,  
Үзіліп бір күн кетпесем.  
Дос болғанмен достасам,



Кектескенмен кектесем,  
Қыз болсам дағы қайрат бар,  
Алысқанды ап жығатын,  
Егемен елдің көк туын,  
Көтеріп биік тұратын.  
Отаным, елім, туғаным,  
Бітпесін қызық думаның.  
Жанымнан үзіп сыйладым,  
Жырымның мөлдір шумағын.  
Отаным, анам, әкем де,  
Әйгілі қазақ әлемге.  
Теңдігін қазақ тойлаған,  
Алашқа күллі сәлем де.  
Өркендеп өстік жасаған,  
Бабалар берген батадан.  
Дұшпаннан құдай сақтасын,  
Тас атпасын тасадан.  
Иманды кәрі жасыңа,  
Досым мен дұшпан қасыма,  
Береке бірлік тілеймін,  
Бақ орнасын басыңа.  
Егемен елде еркіндік,  
Қырандай құлаш серпілдік.  
Болайық ауыз бірлікте,  
Болмасын іште бейпілдік.  
Құлшылық етіп тәңірге,  
Ораза ұстап бекіндім,  
Қазақтың санын көбейт деп,  
Алладан сұрап өтіндім.  
Қазағым менің қандасым,  
Аман сау болсын жап басың.





Қара бұлт төніп басыңа,  
Көз жасың жерге тамбасын.  
Қырыққа толып қылшылдап,  
Асқақтап алға ұмтылда,  
Егемендігіміз жасасын,  
Жасасын қазақ мың жылдық.





**Назгүл Нүрсейітова**  
жергілікті ақын



Нүрсейітова Назгүл Қалияхметқызы 1961 жылы 18 наурызда Қытай Халық Республикасы, Қорғас елді мекенінде дүниеге келдім.

1969-1979 жылдары Алматы облысы, Балқаш ауданы, Қаскелең Тоңар орта мектебін бітірген. 1981-1983 жылдары Алматы облысы, Талғар қаласындағы Ауыл шаруашылық техникумын есепшілік мамандығы бойынша тамамдаған. 1984-1986 жылдары Қапшағай құрылыс комбинатында, 1987-1993 жылдары Қапшағай Қоғамдық тамақтандыру мекемесінде, 1993-2009 жылдары Қапшағай қалалық баспаханасында есепші-бас есепші, 2009-2011 жылдары Қапшағайдағы «КЗСМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бас есепші, «IAG TRADE» ЖШС балық зауытында



есепші, 2012 жылдан осы уақытқа дейін Қапшағай қалалық «Нұрлы өлке» газетінде есепші болып жұмыс істейді. 2016 жылы “Бір тамшы жаңбыр” атты өлеңдер жинағы мен 2019 жылы «Достар, достар сағындырған» деген кітабы жарық көрген.

«Анашым», «Жас түлектер әні», «Бауырыма», «Достар, достар сағындырған», «Сүйгенім» әндерінің авторы. Әндері жергілікті әншілердің репертуарында орындалып жүр.

Отбасылы. 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірген, 9 немеренің әжесі.

## **ТӘУЕЛСІЗДІК - ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҒЫМ**

Тербетейін әніммен бесік жырын,  
Арналады өзіңе сыйым бүгін.  
Егеменді ел болған отыз жылда,  
Тәуелсіздік - қастерлі құндылығым.

Әлімсақтан қырандай қазақ елім,  
Қорғау үшін жаралған елін, жерін.  
Ұмытпаймыз ерлігін бабалардың,  
Тәуелсіздік құрбаны болғандардың.

Ата-баба аманатын арқалаған,  
Ердің ері зардабын тартқан заман.  
Қара түнек зауалдан аман шықты,  
Тәуелсіздік таңымен жайнап далам.

Елміз бүгін әлемдік деңгейдегі,  
Көре алмаған жалаң сөз деп сенбейді.



Шартарапты шарықтап шарласамда,  
Қонақжайлы қазағыма тең келмейді.

Болашаққа жастарымның сенімі нық,  
Бейбіт өмір қоғамдағы тұрақтылық,  
Берекелі бірлік пен еселі еңбек,  
Амандығы халқымның - ауызбірлік.  
Өжетті, қасиетті, қайсарлы - ел,  
Тұғырың биік болсын Тәуелсіздік!

### ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІМІЗ

Көк орай шалқар көліміз,  
Кең байтақ туған жеріміз.  
Ұрпағымызға жол ашқан,  
Тәуелсіз - қазақ еліміз.

Көк туым - көк ашық аспан,  
Отаным - күн нұрын шашқан.  
Жаса мәңгі Қазақ елі,  
Жаса мәңгі Қазақстан!

Жадырап жарқын жүреміз,  
Алаңсыз өмір сүреміз.  
Ерлеген елім еңбекпен,  
Жұмақтай жаннат жеріміз.

Ертеңгі күнге сенеміз,  
Іргеміз берік біргеміз.  
Ынтымағымыз жарасып,  
Биікке самғап келеміз.



**Мәулен Әнербай**  
ақын, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің  
тілшісі



Мәулен ӘНЕРБАЙ “Jetisy” газетінің қаламы жүйрік журналисі, талапты жас, ақындығы мен шағын әңгімеге де шеберлігі бар.

Мәулен Даниярұлы Әнербай 1993 жылы 7 қыркүйекте Алматы облысы Кербұлақ ауданы, Рудничный аулында дүниеге келген. 2007–2011 жыл Қапшағай қаласындағы №3 орта мектепте білім алып, 2011-2015 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетінде оқыды. Университетті тәмамдай сала ғасырлық тарихи бар «Жетісу» газетінде еңбек жолын бастап, қазір сол басылымның заң, саясат бөлімінде абыройлы қызмет етіп келеді. Мақалалары, журналистік зерттеулері, өлең және



прозалары республикалық газет-журнал мен сайттарда жарияланып тұрады. Есімі республикаға танымал талант иесі көптеген жарыстарда топ жарып жүр. Тіл мерекесіне арналған Алматы облысы әкімінің «Ақ қауырсын» әдеби жүлдесі үшін өткен «Жастар жырлайды» байқауының ІІІ орын иеленді. Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын алды. Сонымен қатар, «Бір үміт» атты жыр жинақтың авторы Алматы облысы әкімі А.Баталовтың қолдауымен «Жегісу» кітапханасы» сериясы бойынша Жастар жылы аясында «Күн қызы» атты кітабы 500 данамен жарыққа шықты. Онда өлеңдер, әңгімелер мен қатар публицистикасы да қамтылған. М.Әнербайдың поэзиясында қазіргі өмірге тән ғашықтық лирикамен қатар, азаматтыққа тән асқақ ойлар да жетіп артылады. Сондықтан, оның әрбір өлеңінен өмірден өзгеше жол, соны соқпақ, жан дүниенің тазалығын, адамдық ардың адалдығын іздеген адам сол қасиеттерді таба алады.

Дарынды жас ақын ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник Сәкен Жанұзақовтың, облыс әкімі, облыс әкімінің орынбасарлары, қала әкімі, басқарма басшыларының Алғыс хаты мен Грамоталарымен марапатталған. Жыл сайын тұрақты түрде өтетін облыс әкімінің жүлдесін иеленген. БАҚ өкілдері және ақын-жазушылар арасында өтетін мүшәйраларда да топ жарып жүр.



## ТӘУЕЛСІЗДІК

Топырағын тұмар еттім, тағынып,  
Суы - шәрбат, құмы - ырыс, бағы - құт.  
Туған елім, сенде жүріп ер жеттім,  
Ақ әжемнің мейіріміне малынып.

Тыңдаған соң ертектерін не түрлі,  
Жақсылығы Жамандықты өлтірді.  
Жез тырнағы ұрлап жеген жемтігі,  
Ақыр соңы ар алдына келтірді.

Батырлары жауға шапты Ту алып,  
Сатқын да бар ор қазатын қуланып.  
Жайратып сап қайтқан кезде еліне,  
Қарысы алар қарттар біткен қуанып.

Әже арқылы өрнектелді ғұмырым,  
Әже арқылы тамырланды тұғырым.  
Әже арқылы жүрегіме бекіттім.  
Сан ғасырлық Тәуелсіздік ұғымын.





Ажар Ержанқызы Сұлтан  
жас талапкер ақын, Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің журналистика  
факультетінің 1-курс студенті



Сұлтан Ажар - жас талапкер ақын. 2004 жылы 9 сәуірде дүниеге келген. Ажар Сұлтан 2010 жылы Қапшағай қаласының №2 орта мектебінің табалдырығын тарыдай болып аттап, 2021 жылы бітіріп, қазіргі таңда Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика факультетінің 1-курс студенті. Кітапқа деген құмарлық, бойындағы ізденімпаздық пен дарындылық Ажарды жаңа қырынан таныта бастады. Ол бүгінде жас ақын, әнші ару, пікірсайыс ойыншысы, түрлі ғылыми жоба, байқаулардың жүлдегері ретінде біршама белестерді бағындырып отыр. Қадыр Мырза Әлі, Махамбет, Әбіш Кекілбаев, әл-Фараби оқуларының жүлдегері,





Қалалық «Жыр алыбы - Жамбыл» айтысының 3 орын иегері, республикалық «Өнерпаз болсаң арқалан» көркемсөз байқауының 1 дәрежелі лауреаты, республикалық «Нұрлы жастар болашаққа жол бастар» ән-би байқауының ән айту бағыты бойынша 1-орын иегері, халықаралық «Мұқағалиға арнау» өлең шығару байқауынан 1-орын иегері. Елбасының бастамасымен жарыққа шыққан «Қазақстанның үміт артарлары» кітап жинағына енген республикалық «Ата заңым - Алтын қазығым» өлең шығару байқауының 1 орын иегері, Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасының Алтын жастары» байқауының жеңімпазы, «Алтын төсбелгі - 2020» төсбелгісінің иегері.

## **ТӘУЕЛСІЗДІК - ТӘҢІР БЕРГЕН ТАРТУЫМ**

Тәуелсіздік - тәңір берген тартуым,  
Тәуелсіздік - байлық, бақыт, алтыным!  
30 жылды еңсеріппіз ел болып,  
Егемендік - бақ құсысың халқымның!

Бабалардан қалған асыл мұрамыз,  
Сенің жолың қасіретті ұлы аңыз!  
Тәуелсіздік! Биік болсын тұғырың  
Осы болар біздің енді дұғамыз!



Қазақ елім, қадірлі елім, ардағым,  
Шуақты боп ата берсін таңдарың!  
Бейбіт ел боп, болашағың ақ болып  
Арда елім орындалсын арманың.

Талайлардың келген жаны, қанымен,  
«Елім-айлап» еңіреген әнімен,  
Аманат боп табысталған, бейбіт күн  
Мақтан етем, сақтап өтеп мәңгі мен!

Тәуелсіздік - сен келгенсің терменен,  
Егіз болғай енді мәңгі елменен!  
Ұзақ болсын ғұмырың,  
Биік болсын тұғырың!  
Сақта елімді кесапаттан көлденең!



## МАЗМҰНЫ

### *Тәжмағамбетова М.*

Мәңгілік елім.....	5
Алаштың ардақтылары.....	6
Егеменді ел деген.....	8
Менің Қазақстаным.....	9
Қыран қалам.....	10

### *Әкіш Т.*

Тәуелсіздік толғауы.....	13
--------------------------	----

### *Жақиянова А.*

Желбіресін көк туым.....	17
Қазақтың кемеңгері.....	20
Желтоқсан құрбандарына.....	21
Қапшағайым.....	23

### *Қожамқұлов Ж.*

Тәуелсіздіктің туын желбіреткен тарихи тұлғалар.....	27
Ұлылардың Іледе ізі қалған.....	30

### *Лаврова А.*

Казахстан.....	36
Мы живём в Казахстане.....	37
Декабрь 86-го.....	37
Гимн родине.....	39

### *Тойшыбайұлы І.*

Тәуелсіз ел.....	42
Тәуелсіздік бастауы.....	43
Желтоқсан гимні.....	44

<b>Титов Ю.</b>	
Астана.....	48
Юбилейный для сердец.....	49
<b>Баилов Б.</b>	
Тәуелсіздік жыры.....	53
Қапшағай.....	54
Қапшағай толқындары.....	56
<b>Тигушева Б.</b>	
Егемен елдің мерейін.....	60
Отаным, елім, туғаным.....	61
<b>Нүрсейітова Н.</b>	
Тәуелсіздік - қастерлі құндылығым.....	66
Тәуелсіз қазақ еліміз.....	67
<b>Әнербаев М.</b>	
Тәуелсіздік.....	70
<b>Сұлтан А.</b>	
Тәуелсіздік – тәңір берген тартуым.....	72

# ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРБЕТТІК ҚЫЛЫМ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған жыр жинақ

Құрастырған  
Д.Жолымбетова,  
Қашиағай қалалық кітапхананың  
бөлім меңгерушісі

Редакторы  
Шынар ӘЛЖАНОВА

Беттеген  
Жанар ТАЛҒАТ

---

Басуға 08.12. 2021 жылы қол қойылды.

Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Есептік б.т. 4,75.

Таралымы 1000 дана.

Кітап «Принт плюс» баспаханасында басылды.  
Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті,  
С.Сейфуллин көшесі, 2 В.

Тел.: 8 (727) 251-78-27, 8 (701) 712-01-73

